

«Шыпан» жалпы орта мектебі бастауыш сынып мұғалімі Абдураимова Дилорам

5 саны мен цифрын пысықтау

Тақырыбы: 5 саны мен цифрын пысықтау.

Мақсаты: Оқушыларға 5 саны мен цифрын таныстыру. Өткен сабақты толықтыру.

Дамытушылық: Оқушылардың тура және кері санау дағдыларын, есептеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік: Оқушыларды жылдамдықта, тапқырлыққа, достыққа, өзара көмек көрсете білуге тәрбиелеу.

Көрнекілік: Сандар қатары, санау материалдары, геометриялық фигуралар, ойынға қатысты суреттер, Венн диаграммасы.

Сабақ түрі: Ойын сабақ.

Сабақ барысы.

I. Ұйымдастыру.

1. Жылулық шеңбері. Балалар бір - біріне жылулық сыйлап, шеңбер бойымен жүріп тақпақты хормен айту.

Шашы – алтын, көзі - от,
Шыға ғой, Күн, тезірек.
Шуақ берші, жылу бер,
Маған оған, досыма,
Тағы, тағы, тағы да!

Балалар бір-бірімен күліп сәлемдеседі


II. Үй жұмысын тексеру.

1. Ауызша 1 - ден 10 - ға дейін тура және кері санау.

1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10.

10, 9, 8, 7, 6, 5, 4, 3, 2, 1.

2. Венн диаграммасынан пайдаланып өткен сабақты пысықтау, жұп және тақ сандарды қайталау.



3. Ойын “ Кім тапқыр? ”

Өздеріне таныс цифрлар мен арифметикалық таңбаларды қатыстырып өрнек жазу. (2 оқушы жарысқа түседі)

$$1+2=3 \quad 4+4=8$$

$$3+1=4 \quad 2+2=4$$

$$5-4=1 \quad 3-2=1$$

4. Математикалық диктант өткізу.

1. Азайғыш 5, азайтқыш 3, айырманың мәні нешеге тең?

$$5-3=2$$

2. Ең үлкен бір таңбалы сан?

9 саны

3. Оң қолыңдағы саусақтардан біреуін алып таста.

$$5-1=4$$

III. Сергіту сәті.

Қуан шаттан,

Қуан шаттан.
Қуанатын күн бүгін,
Қайырлы таң,
Қайырлы таң,
Күліп шықты күн бүгін.

Өрнек құрастыру.

Мақсаттың 4ойыншығы бар, атасы оған тағы 1 ойыншыды. Мақсатта ойыншықтар саны нешеге жетті? (5)

2. $4+1=5$ өрнегі қалай шыққанын түсіндіру.

3. 5 цифрының жазылуын ауада, тақтада жазып қайталау.

Дәптерде жазып үйрету.

4. «Бес саусақ» өлеңін жатқа айту

Ал, санайық, балалар,
Саусақтарға қарап – ал.
Қане, біздер санайық,
1, 2, 3, 4, 5.

Саусақты сана тез? (5 саусақ)

5. Саусақтардың атын атау: бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек.

6. Ойын. «Сан ойла, тез ойла»

Сандар құрамын айту. Бос орынды толтыру.

$$2=1+ \quad 1$$

$$1=0+ \quad 1$$

$$3=2+ \quad \textcircled{1}$$

$$4=3+ \quad \textcircled{1}$$

IV. Дәптермен жұмыс.

1. 5 цифрын жазу.

2. Геометриялық пішіндерді сәйкес санға байланысты бояу.

V. «Миға шабуыл».

«Оның аяғы нешеу?» ойыны.



VI. Пысықтау мақсатында тақтадағы сөзден 5 санына сай сөзді табу



VII. Сергіту сәті.

Орнымыздан тұрайық,
Қолды белге қояйық.
Басты оңға бұрайық,
Басты солға бұрайық.
Бес отырып, бес тұрып
Біз демалып қалайық.

VIII. Сабақты сұрақ - жауап түрінде қортындылау.

Біз не білдік?

Қатысқан балаларды бағалау.

IX. Үйге тапсырма: 5 саны мен цифры.